



Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 23 қыркүйек N 940

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіне бірегей архивтік құжаттарды сақтауға байланысты төтенше жағдайлардың туындауының алдын алу, өртке қарсы күрес шараларын орындау, сондай-ақ изотопты радиоактивті хабарлағыштарды көму және басқа да шаралар үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан 6 (алты) млн. теңге бөлінсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі